

## Қызылқоға ауданы бойынша жолаушылар мен жүкті тұрақты тасымалдаудың ауданішілік және ауылішілік тарифін белгілеу туралы

Атырау облысы Қызылқоға ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 17 наурыздағы № 43 қаулысы

"Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 - баптарына, "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19-бабына, "Тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау жөнінде қызмет көрсетуге тарифтер есептеу әдістемесін бекіту туралы" № 614 бұйрығының 2-тармағына сәйкес, Қызылқоға ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының № 1-қосымшасына сәйкес Қызылқоға ауданында жолаушылар мен жүкті тұрақты ауданішілік автомобиль тасымалдауына жолаушының бір реттік жол жүру ақысы белгіленсін.

2. Осы қаулының № 2-қосымшасына сәйкес Қызылқоға ауданында жолаушылар мен жүкті тұрақты ауылішілік автомобиль тасымалдауына жолаушының бір реттік жол жүру ақысы белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндетін  
уақытша атқарушы*

*Е. Иғали*

Қызылқоға ауданы  
әкімдігінің 17 наурыз  
2026 жылғы № 43  
қаулысына 1-қосымша

### Қызылқоға ауданында жолаушылар мен жүкті тұрақты ауданішілік автомобиль тасымалдауына жолаушының бір реттік жол жүру ақысының тарифтері:

№	Маршрут атауы	1 (бір) жолаушыға арналған тарифі, теңге
1	2	3
1	Сағыз ауылы-Миялы ауылы	1000
2	Мұқыр ауылы-Миялы ауылы	1000
3	Жангелдин ауылы-Миялы ауылы	250
4	Жасқайрат ауылы -Миялы ауылы	300
5	Көздіғара ауылы -Миялы ауылы	500
6	Тасшағыл ауылы -Миялы ауылы	700

7	Жамбыл ауылы -Миялы ауылы	700
8	Қарабау ауылы -Миялы ауылы	900
9	Тайсойған ауылы -Миялы ауылы	500

Қызылқоға ауданы  
әкімдігінің 17 наурыз  
2026 жылғы № 43  
қаулысына №2-қосымша

**Қызылқоға ауданында жолаушылар мен жүкті тұрақты ауылшілік автомобиль тасымалдауына жолаушының бір реттік жол жүру ақысының тарифтері:**

№	Маршрут атауы	1 (бір) жолаушыға арналған тарифі, теңге
1	2	3
1	Сағыз ауылы	50
2	Мұқыр ауылы	50
3	Жангелдин ауылы	50
4	Жасқайрат ауылы	50
5	Көздіғара ауылы	50
6	Тасшағыл ауылы	50
7	Жамбыл ауылы	50
8	Қарабау ауылы	50
9	Тайсойған ауылы	50